



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

2. Еліміздің түрлі салаларын дамыту жолында қабылданған реформаларды жүзеге асыру үшін заң актілерін жетілдіру қажеттігі туындайды. Ал жетілдіру нормативтік актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге әкеліп соқтырады. Әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы өзгерістер саяси және құқықтық жүйелінің түбегейлі реформаларымен бірге іске асып отыр. Осының өзі Қазақстанның берік құқықтық жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Уақыт өткен сайын қазақстандық саяси-құқықтық модель заңдардың орындалуы мен мемлекеттің беделін нығайту мақсатын көздейді.

3. Қазақстан – дамушы мемлекет. Соңдықтан, мемлекет дамыған елдердің тәжірибесінде оң нәтиже тапқан нормативтік жетістіктерді енгізе отырып, құқықтық институттарды жетілдіруді көздейді. Бұнымен қатар, біздің елімізде бұл реформы тиімді жүзеге асуын бақылайды. Егер бұл процесс қалаған нәтиже бермесе, нормалар қайта өзгерістерге ұшырайды.

4. Тағы бір себебі, нормативтік актінің мазмұнының тұрақтылығы тек қазіргі кездегі қоғамдық қатынасты емес, сонымен қатар алдағы уақытта туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу қажеттілігімен байланысты. Әрине, жас мемлекеттің аяққа тік тұруы кезінде болжамдар жасаған дұрыс емес. Бірминуттық қажеттілікпен ұстанбау қиын.

Қорыта келгенде, нормативтік актілер мазмұнды және тиімді болулары тиіс. Олардың мазмұнын дұрыс толтыру, қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуіне жатады ма деген басты мәселені дұрыс шешуді білдіреді. Аталған мәселе оң шешімін тапқаннан кейін құқықтық реттеу пәнін және құқық саласын анықтауға, сонымен қатар нақты қоғамдық қатынастарға құқықтық нысанды беру бойынша міндеттерді шешу әдістеріне көшуге болады. Осыдан кейін заңшығармашылық жұмыс нақтылық сипатқа ие болу керек. Қандай да болмасын нормативтік актінің мазмұны белгілі бір талаптарға жауап беруі керек. Басты талаптардың бірі – тұрақтылық талабы.

«Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – ғасыр» дегендей, алдағы жиырма жылда нормативтік актілердің тұрақтылығын орнату – негізгі мақсаттарымыздың бірі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Давид Р., Жоффре-Спинози К. Основные правовые системы современности: Пер. с фр. В.А.Туманова – М.: Междунар. отношения, 1996. – 400 с.
2. Ударцев С.В. Феномен английского права // Государство и право. № 3(72)2016. – С.6-9.
- 3.<http://www.grandars.ru>
- 4.Саидов А.Х.. Сравнительное правоведение – Т.: Адолат, 1999. – 400с.
- 5.<https://law.duke.edu/lib/researchguides/english/>
6. <http://www.bailii.org/>
7. <https://egemen.kz/2011/?p=321068>

ӘОЖ 340

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ЖАПОНИЯНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Муканова Сауия Ақылбековна
saiiya_mukanova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ сәулет-құрылыс факультетінің студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н.Д. Мырзатаев

Түйіндеме

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы дамушы елдердің қатарына жататындықтан, жоғарғы білім беру жүйесіне көп назар аударылып отыр. Алайда белгілі бір жетістіктерге жетіп, жақсы көрсеткіштер көрсету үшін, басқа мемлекеттердің жоғарғы білім беру жүйесімен салыстырып, енгізулер мен толықтырулар жасап отыру жөн екенін бәрі де біледі. Автор аталған мақалада өздерінің еңбекқорлығы және білімінің деңгейімен таң қалдыратын Жапония

мемлекетінің жоғарғы білім беру жүйесін отандық жоғарғы білім беру жүйесімен салыстырған. Мемлекетіміздегі жоғарғы білім беру жүйесінің көкейтесті мәселесі мен кемшіліктері қарастырылған. Солардың бірі Болондық жүйенің аумағы бойынша бірдей қолдану және осы норманың сақталмауы қарастырылады.

Кілттік сөздер: Болондық процесс, білім жүйесі, жоғарғы оқу орны, еркіндік, таңдау.

Қазақстанымыз тәуелсіздігін алғаннан кейін білім беру жүйесі дамып, толықтырулар мен жаңа заңдар енгізілген және енгізіліп жатыр. Бұл заңдар білім беру жүйесін жақсартып, сапасын жоғарылатады десе де, теріс жағынан әсер етіп жатқандары аз емес. Тіпті қабылдағанымен, барлық беру ұйымдарында іске аспайтындығы білінеді. Мәселен, Қазақстан және Жапонияның жоғарғы білім беру жүйесін салыстырайық.

Біріншіден, мектеп немесе балабақшадан бастайық. Егер екі мемлекетті салыстыратын болсақ, Жапонияда әр жыл сайын топтардағы балаларды басқа топтарға ауыстырып отырады. Бұл оқушылар немесе балалардың тез араласу қабілетін дамытады, яғни қоғамға тез сіңісу қасиетін арттырады. Дәл осылай, балалар бір мұғалімге ғана үйреніп қалмау, жан-жақты болу үшін жыл сайын білім берушілерді де ауыстырып отырады. Бұл, мысалға, ұстаз балаға немесе керісінше, балаға ұстаз ұнамай қалғанда өте ыңғайлы. Ал біздің жағдайды алатын болсақ, балалар 1-ші сыныптан бастап, 4-ші сыныпқа дейін бір сынып жетекшісімен отыра береді. Егер ұнамай жатса, басқа сыныпқа ауысуға тура келеді. Ал ауысқан сыныптағы класстастар ұнай ма, ұнамай ма, онда шаруа жоқ. Тағы бір мәселе бір сыныпта 11 жыл бойы күнде-күнде бір адамдармен ғана жүріп, оқығандықтан, балалар көбінесе қатты ашыла алмайды және басқа қоғамға түскенде өздерін қалай көрсете аларын білмейді.

Білім жүйесіне Жапонияда өте қатты көңіл аударылған. Бұған дәлел – мектеп оқушыларының «репетиторлық мектептерге» баруы. Яғни, жалпы білім беру мектептерінде түсінбеген тақырыптарды, сабақтарды, «дзюку» мектебінде кешке түсіндіріп береді. Бұндай мектептер әркімге көңіл бөліп, білімнің деңгейі жоғары әрі сапалы болуын қамтамасыз етеді.

Екіншіден, Болондық жүйедегідей, жоғарғы орта мектепте (старшая средняя школа) міндетті болып танылатын пәндер: жапон тілі, математика, әлеуметтік ғылымдар және жаратылыстану ғылымдары. Ал басқа пәндерді олар балаларға өздері таңдауға ұсынады. Яғни, жыл сайын басқа топтарға ауысумен қатар, жылда әр түрлі ұстаздардан білім алып, өздері ұнатқан, өздеріне жақын пәндерді таңдауға мүмкіндіктері бар. Мұндай мүмкіндіктер балалардың өз-өзінің дербес шешім қабылдауына және өзінің істеріне жауап беру қасиеттерін жақсы дамытады. Кішкентай кезінен нені қалайтынын, кім болатынын, қандай мамандыққа жақын екенін түсіну үшін мұндай білім беру жүйесі дұрыс дамытылып, қабылданған.

Болон жүйесін Қазақстанда енгізудің мақсаттары деп төмендегі жайлар айтылады: -білім, оқу сапасын қамтамасыз ету; Қазақстанның жоғары білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және оның еуропалық жоғары білім кеңістігіне интеграциялау; студенттердің академиялық ұтқырлануларына алғышарт жасау; халықаралық үлгілерге сәйкес келетін жоғары оқу орындары дипломдарының мойындалуы мен баламалылығы; ұлттық және халықаралық деңгейдегі еңбек рыногында отандық университеттер дипломдарының мойындалуын қамтамасыз ету; құзыреттілікті қалыптастыру; өздігінен білім алу деңгейін өсіру мен үзіліссіз оқуды қамтамасыз ету.

Сонымен, академиялық ұтқырлық Болон процесінің негізгі бір құраушысы болып табылады. Академиялық ұтқырлықтың маңызды ерекшелігі - студенттерге оқу үрдісі аяқталғаннан кейін басқа ЖОО-да, базалық ЖОО-да оқыған пәндері есептеледі немесе олар бір мезгілде білімі туралы екі құжат алуына мүмкіндік беріледі.

Теориялық тұрғыда студент оқығысы келетін ЖОО-ны өзі таңдай алады. Тәжірибеде студенттің ұтқырлығы олардың дербестігімен жүзеге аспайды, өйткені барлық ЖОО-лар оқуға қабылдауды ұлттық заңнамаға сәйкес жүргізеді. Сірә, алғашқы кезде ұтқырлықты ЖОО деңгейінде қамтамасыз ету қажет болар. Себебі ЖОО екі университетте де оқылатын пәндердің өзара мойындалуы мен баламалылығы және алынған академиялық нәтижелер туралы келісім-шарт жасауға, біріккен оқу бағдарламаларын жасауға құқылы. Студенттердің шетелдерде оқуына және шетелдік ЖОО-ның білім туралы диплом алуына заңды негізі болып ЖОО-лар

арасындағы келісім-шарт саналады. Сонымен академиялық ұтқырлықтың маңызды шарты ЖОО-лардың халықаралық ынтымақтастығы болып табылады. Оқу бағдарламаларының, пәндердің өзара саналуы тәртібінің келісімі білім траекторияларын сақтауға, мамандықтар шеңберінде мамандандыруды қалыптастыру, нарық пен жұмыс берушілердің талаптарын ескеруге шақырады.

Жоғарыда айтылып кеткен талаптар осы Болондық декларацияға қол қойған қазіргі 48 мемлекеттің әрқайсысында негізінде қолданылуы керек. Өкінішке орай, Болондық оқу жүйесіне тән еш қасиет көре алмай отырмыз. Енді күнделікті кездесетін, білім беру жүйесінің қаншалықты деңгейде тұрғанын көрсететін мәселелерге тоқталып кетейік.

Алысқа кетпей, өзіміздің оқып жатқан Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-н алайық. Студент 1-ші курсқа түскен кезден бастап, бір де бір рет оқитын пәндерін таңдау тиісті дәрежеде өтпегендігін айтып отыр. Жоғарыдан қандай сабақ кестесін берсе, соны бұлжытпай оқып келе жатырмыз дейді 1-ші курс студенттері. Кейбір студенттер тіпті өздерінің элективті пәнді таңдауға құқығы бар екенін де білмеген. Жалғыз бір таңдайын мүмкіндік болды. Оқытылатын қосымша тілді таңдау мүмкіндігі. Оның өзін бөлініп, кім француз, кім неміс, кім ағылшын тілдерін таңдап бөлінгеннен кейін ғана, мұндай құқықты бізге ешкімнің бермейтінін түсіндік дейді студенттер. Қазіргі кезде ағылшын тілін оқығысы келмеген студенттер амалдың жоғынан ағылшын тілін оқып жүр.

Екінші, сабақ кестесін өзгерту мәселесі болды. Мұнда тіпті ауыр жағдай болды. Ал біз жай ғана сенбіге қойған жалғыз ғана дәрісті басқа бір бос күнге ауыстырмақ ойымыз болды. Мұғалімімізбен келісіп, бәрін ұйымдастырғаннан кейін рұқсат алу үшін жұмысы тым көп болып кеткеннен кейін, бізге өзіміз ойлағандай болмайтынын түсіндік.

Жалпы Болондық жүйе негізінде оқу жоспары мен пән таңдау оның кестесін құрастыруға келер болсақ, университетімізде көптеген мәселелер шешілер еді. Біріншіден, студенттер амалсыздан оқымай, өздеріне жақын пәндерді таңдап, ұнататын сабақтарын оқыса, жаман мамандар саны азаяр еді. Себебі қызығушылық болса білім сапасы жоғарылайды, яғни өзі-өзіне қожа болып, өзінің жанына жақын, өзіне қызықты етіп оқыса, жоғары білім сапасы жоғары болады.

Алайда бізде міндетті пәндер саны өте көп, оның 50 пайызы студенттерге қызықсыз, тіпті не оқып шыққандарын да білмейді, әйтеуір мемлекет ақша төлеп жатыр ма, университетке келіп, кетеді. Соңында диплом алып шықса да, қызықтырып оқытпағаннан кейін, өзінің мамандығына деген қызығушылық болмағаннан кейін, бұл диплом жай ғана керексіз қағаз сияқты жата береді сарғайып.

Психологиялық жағынан да, болондық оқу жүйесі өте жағымды әсер береді. Себебі өзінің уақытын тиімді пайдалана алатын, талғамын дұрыс тани білген адам ертен өзінің өмірін, бағалы уақытын тиімді жұмсауға тырысады. Дұрыс жоспар құруға үйренеді. Ал өзіне қызықсыз дүниелерге уақытын жұмсаған жағдайда, адам психологиялық тұрғыда шаршайды, одан бетер өзінің қызығушылығын жоғалтады.

Тағы бір мысал, егер студенттерге тым болмаса оқитын, меңгеретін тілді таңдауға мүмкіндік берген жағдайда, ағылшын тілін білетіндер өзіне қызықты басқа шет тілді таңдауға мүмкіндік алатын еді. Бұл өзін ары қарай дамытуға тиімді жол болар еді. Бір нүктеде тоқтап қалмай, жан-жақты мамандарды даярлауға жолдама болатын еді.

Болондық жүйені қалдырып, статистикаға сүйенетін болсақ, 1994 жылы Жапонияның 97,5% жастары колледжге оқуға барған. 40% жас жігіттері, 20% қыздары жоғары оқу орнына (университетке) оқуға түскен болатын. Жапонияда беделі жоғары оқу орнына түсу үшін қыздар мен жігіттер өте қатал сынақтардан өтеді. Қатал болғаны соншалықты, тіпті бұқаралық ақпарат құралдарында бұл өтетін сынақтарды «емтихандар тозағы» деп атайды. Егер біздің ҰБТ-ны осы процессті салыстырсақ, бізде кез келген адам оқуға түсе алады. Ақшасы болса, болды. Оқуға түсу бізде қиынға соқпайды. Оқушылар ҰБТ тапсырып, оқуға грантқа немесе ақылы түрде түседі (жинаған балы жетпеген жағдайда). Заң бойынша 4 жыл оқып, білімді алса да, алмаса да, әйтеуір осы уақыт аралығын отырып шығып, дипломды қолға алады. Ары қарай жұмысты тапса тапты, таппаса, өзінің мәселесі. Осындай күймен жыл сайын дипломы бар сапасы төмен

мамандар көбейіп жатыр. Келесі статистикаға көз жүгіртсек, Жапонияда 2005 жылы 2,8 млн-нан астам студент 726 университетте білім алған. Бакалавр дәрежесін меңгеру үшін 4 жыл бөлінген. Кей кездері белгілі бір кәсіби дәрежеге жетіп, меңгеру мақсаттарына 6 жылдық бағдарлама қабылданған. Бұнда университеттің 2 түрі бар: 96 ұлттық және 39 мемлекеттік университеттер. 1991 жылы қалған 372 оқу орындары ақылы түрде оқытқан.

Жапонияда тегін оқытатын жоғары оқу орындары өте аз. Тіпті жоқ деуге де болады. 2011 жылғы мәліметтерге сүйенсек, 880 000 студенттер арасынан тек қана 100-і ғана Жапония үкіметінің стипендиясының иегері болған. Бұл көрсеткіш стипендияны тек қана ең өнерлі, білімді және жағдайы өте төмен оқушыларға беретінін көрсетеді. Алайда, бергеннің өзінде, бұндай стипендияны алғандар кейін олардың оқуына кеткен барлық қаражатты қайтарып беруге міндетті болады.

Біздің ойымызша отандық жоғары білім беру жүйесіне әлі де болса көптеген нормаларға толықтырулар енгізу қажет. Қалай болғанмен де, ЖОО-дағы жемқорлықпен күресу қажет. Себебі, қаншалықты жұмыс жасалса да, қазіргі кезде сыбайластықтың нәтижесінде тіпті диплом алуға да болады. Бұны біліп жүрген студенттердің, оқушылардың да оқуға деген құлшыныстары жоғарғы деңгейде болуы екіталай деп ойлаймыз. Жұмысқа тек қана білімінің сапасы жоғары және ораторлық қасиеттері бар мамандарды алу қажет. Сонда ғана білім алушылардың ғылым-білімге деген құшарлығы оянады. Болондық жүйені барлық аймақтарда оның негізгі қағидаттары бойынша іс жүргізудің тәртібінің сақталуын қамтамасыз етуді міндеттейтін норманы енгізу керек. Себебі Болон жүйесінің 1-курс студенттеріне беретін мүмкіндіктері мен құқықтарын барлығы әлі күнге дейін білме бермейді. Ал бұл шыныменен де іске асса, білім беру жүйесі ғана емес, білім алушылардың өзінің таңдауы мен болашағына деген жауапкершіліктері артады. Ал бұл Қазақстан Республикасында сапалы мамандардың, патриот азаматтарының көбеюіне ықпал етеді дегенге сеніміміз мол.

Қолданылған әдебиеттер:

1. http://www.psychologos.ru/articles/view/yaponskaya_sistema_obrazovaniya
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
3. <http://www.study.kz/1/8/341/visshee-obrazovanie-v-yaponii-i-posleduyushee-vozmojnoe-povishenie-kvalifikacii>
4. <http://kaztv.old3.kaztrk.kz/kz/news/portal/zhaponiyanyn-bilim-beru-zhuiesi>

УДК 340

Теоретико-правовые проблемы защиты прав ребенка в Республики Казахстан

Мукатаева Альмира Кайратқызы

almira719@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Құқықтану мамандығының 1курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.И. Ибрагимов

Обеспечение прав ребенка относится к глобальным проблемам современности, в решении которых заинтересовано все мировое сообщество. Это объясняется определенной ролью подрастающего поколения в гарантировании жизнеспособности общества и прогнозировании его будущего развития. Следует признать, что ни одно государство в мире не может претендовать на роль образца в области соблюдения прав ребенка. Даже для самых демократичных и экономически развитых государств характерны рост преступности несовершеннолетних, наличие семей с низким жизненным уровнем, смертность детей из-за недостаточности медицинского обслуживания, рост беспризорных детей. Для смыслового понимания нам нужно определиться со значением дефиниции «дети». Л.П.Храпылина считает, что: «дети – это одна из самых представительных демографических и социальных групп населения, которую составляют лица в возрасте до 18 лет» [1, С.121]. По данным Агентства по